



I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР

1. Жалпы ережелер мен ұғымдар
2. Сақтандыру жағдайларынан шығарып алулар және сақтандыруды шектеу
3. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
4. Сақтандыру сыйлықақысы. Франшиза
5. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
7. Шарт қолданылу кезеңіндегі сақтандыру жағдайының ұлғаюының салдары
8. Сақтандыру жағдайы басталғандағы сақтанушының іс-қимылдары
9. Сақтандыру жағдайының басталуын және зиянның мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі
10. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары
11. Сақтандыру төлемі немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
13. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары
14. Қосымша шарттар
15. Даулар шешу тәртібі
16. Сақтандыру жағдайларынан шығарып алулар

II. САҚАНДЫРУ ЖАБЫНЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

A) мүлікті сақтандыру

1. Сақтандыру объектісі
2. Сақтандыру жағдайлары
3. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

B) скважинаны бақылауға алумен және бақылауынан шыққан жағдайда қайта бұрғылау операцияларымен байланысты күтпеген шығыстарды сақтандыру

1. Сақтандыру объектісі
2. Сақтандыру жағдайлары
3. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

C) қоршаған ортаны ластаумен, қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарын жоюға жұмсалатын шығыстармен, үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікпен байланысты жауапкершілікті сақтандыру

1. Сақтандыру объектілері
2. Сақтандыру жағдайлары
3. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

D) Жұмысшылардың еңбек міндеттерін атқаруы кезіндегі өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар нәтижесінде олардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру

1. Сақтандыру объектілері
2. Сақтандыру жағдайлары
3. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ҰҒЫМДАР

1. Осы Сақтандыру ережелерінің шарттары бойынша «Еуразия Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталатын, мұнай операцияларын ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасады.



2. Сақтандыру шарттары жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысандарына қарамастан), бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталатындармен жасалады.

3. Осы Ережелер шарттарындағы Сақтандыру шарты мынадай сақтандыру жабынының түрлерін қамтуы мүмкін:

А) Мұнай операцияларында пайдаланылатын мүлікті сақтандыру.

В) Бұрғылау скважинасын бақылаудан жоғалтумен байланысты күтпеген шығыстарды сақтандыру.

С) Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне және қоршаған табиғи ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.

Д) Жұмысшыға зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.

4. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар қолданылады:

- **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

- **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтандырушы Сақтанушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін ақша сомасы. Сақтандыру сомасы сақтандыру қорғанысының мерзімі ішінде Сақтандырушының жауапкершілігінің жалпы лимиті болып табылады.

- **Сақтандыру жағдайы** – Сақтандыру шартымен көзделген, ықтималдық пен кездейсоқтық белгілеріне ие оқиға, оның басталуымен Сақтандырушының Сақтанушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.

- **Мұнай** – шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ, сондай-ақ шикі мұнайды тазарту, табиғи газды өңдеу, жану тақтатастарын немесе смолалы құмдарды өңдеу арқылы алынған көмірсутектер.

- **Табиғи газ** – қалыпты атмосфералық температура мен қысымда газ фазасында болатын, майлы газды, құрғақ газды, майлы газдан сұйық көмірсутектерді экстракциялау немесе сепарациялаудан кейін қалатын ілеспе газды және сұйық немесе газтәріздес көмірсутектермен бірге өндірілген көмірсутектік емес газды қоса алғанда, көмірсутектер.

- **Шикі мұнай** – қалыпты атмосфералық температура мен қысымда сұйық күйінде жер қойнауынан өндірілетін, табиғи конденсация арқылы табиғи газдан түзілетін дистиллят немесе конденсат деп аталатын сұйық көмірсутектерді қоса алғанда, меншікті салмағына қарамастан кез келген көмірсутектер.

- **Газ конденсаты** – пластық қысым мен температура нәтижесінде газ конденсатты кенорындарын пайдалану кезінде табиғи газдардан бөлінетін сұйық көмірсутектер қоспасы.

- **Мұнай операциялары** – өзендер, көлдер мен өзге де ішкі су қоймаларының шегіндегі, сондай-ақ теңіздегі мұнай операцияларын қоса алғанда, жерде барлау, өндіру, жер асты мұнай қоймалары мен резервуарларын салу және пайдалану, мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану жөніндегі жұмыстар.

- **Барлау** – мұнайды іздеу және барлаумен байланысты кез келген операциялар, мыналарды қамтиды: геологиялық-геофизикалық зерттеулер; құрылымдық бұрғылау; іздестіру және барлау скважиналарын бұрғылау, сондай-ақ барлаудағы кенорындарда тәжірибелі-өнеркәсіптік жұмыстар.

- **Өндіру** – мұнайды бетке шығарумен байланысты кез келген операциялар, мыналарды қамтиды: жер асты және жер үсті өнеркәсіптік жабдықтары мен ғимараттарын салу және пайдалану; мұнайды бетке шығару, пайдалану скважиналарындағы жұмыс процесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету; мұнайды өңдеу және тазарту; мұнайдан ілеспе компоненттерді алу, сондай-ақ табиғи және мұнай газын кәдеге жарату және сұйылту.



- **Мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану** – жерде, өзендерде, көлдерде, теңізде және өзге де ішкі су қоймаларында мұнай-газ құбырларын салу, жату және пайдалану мақсатында жүргізілетін кез келген жұмыстар (операциялар).
- **Жер асты мұнай қоймалары мен резервуарларын салу және пайдалану** – жер асты мұнай мен газ қоймалары мен резервуарларын салу және пайдалануға байланысты кез келген жұмыстар.
- **Терроризм актісі** – терроризм мақсаттарына қол жеткізуге және терроризм сипатындағы өзге де қылмыстар жасауға бағытталған іс-қимылдардың жиынтығы.
- **Теңіздегі мұнай операциялары** – теңізде жүзеге асырылатын барлау, өндіру, сондай-ақ мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану.
- **Теңіз** – су беті мен қалыңдығын, сондай-ақ теңіздердің түбін білдіреді.
- **Мұнай-газ құбырлары** – мұнайды, оның ішінде магистралдық құбырларды, жинақтаушы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбырларды тасымалдауға арналған, сондай-ақ құбыр жүйесі немесе оның жекелеген бөліктері арқылы тасымалданатын заттарды тазарту, сепарациялау және сұйылту жабдықтары мен механизмдерін, бақылау және оқшаулау жүйелерін, электрохимиялық қорғаныс жүйелерін және мұндай құбырларға қызмет көрсетуге арналған өзге де жабдықтарды қамтитын құбырлар.
- **Теңізді ластану** – теңіз ортасына адамдардың денсаулығына, теңіздің тірі ресурстары мен теңіз экожүйесіне зиян келтіруге не келтіруі мүмкін немесе теңізде не оның жағалауында заңды қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларға кедергі жасауға, зиян немесе шығын келтіруге не келтіруі мүмкін материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, дiрiлдiң, сондай-ақ сәуле шығаруының және өрiстердiң әртүрлi түрлерiнiң түсуi.
- **Франшиза** – Сақтандырушыны Сақтанушыға келтірілген зиянның бір бөлігін өтеуден босату. Сөзсіз франшиза кезінде белгіленген франшиза сомасынан кем немесе оған тең зиян өтелмейді, ал белгіленген франшиза сомасынан асатын зиян толық зиян сомасы мен белгіленген франшиза сомасы арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі. Шартты франшиза кезінде белгіленген франшиза сомасынан кем немесе оған тең зиян өтелмейді, ал белгіленген франшиза сомасынан асатын зиян толық зиян сомасы мөлшерінде өтеледі.
- **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру.

2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ШЫҒАРЫП АЛУЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

2.1. Осы ережелерге және олардың шарттарында жасалған Сақтандыру шарттарына қатысты барлық жағдайларда мыналардан туындаған зиян келтіру мен шығыстардың (шығындардың) пайда болуы сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

2.1.1 соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің жау іс-қимылдары; әскери немесе оларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланса да, жарияланбаса да) немесе азамат соғысы;

2.1.2 бүлік; ереуіл; локаут; халық көтерілісіне ұласатын немесе ұласып кеткен азаматтық тәртіпсіздіктер; қозғалыс; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери жолмен тартып алу немесе басып алу; тәркілеу; реквизиция немесе мүлікті ұлттандыру; кез келген ұйым атынан немесе бірлесіп жасалған терроризм актілері;

2.1.3 радиоактивті сәуле шығару немесе атомдық отынды жағудан болған радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;

2.1.4 теңіз деңгейінің көтерілуі нәтижесіндегі су астында қалу;

2.1.5 мұнай немесе газды жоспарлы шығарудан болған қоршаған ортаның ластануы;



2.1.6 Сақтанушының үшінші тұлғалары мен қызметкерлерінің денсаулығына осы тұлғаларға дене жарақатын тікелей келтірумен байланысты болмаған психикалық бұзылулар, күшті үрей, шок немесе өзге де ұқсас салдар нысанында келтірілген зиян;

2.1.7 сақтандыру территориясында қызмет атқаратын билік органдарының, инспекция немесе қадағалау органдарының өкімімен бақылауынан шыққан деп жарияланса да, осы Ережелерге сәйкес бақылауынан шыққан деп есептелмейтін сақтандырылған скважинаны бақылауды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар немесе оны қалпына келтіру әрекеттері;

2.1.8 алкогольдік, токсикалық немесе есірткілік масаю күйінде немесе дәрілік препараттардың әсерінде болған тұлғалардың сақтандырылған объектілерде жұмыс істеуі;

2.1.9 жабдықтың тозуы, механикалық немесе электрлік ақауы, туа біткен кемістік, жасырын дефект, біртіндеп тозу, коррозия, тат, атмосфералық ылғалдылық, мұздау немесе экстремалды температура;

2.1.10 Сақтанушының немесе басқа мүдделі тараптың, оның қызметкерлерінің, агенттерінің немесе мүлік берілуі мүмкін кез келген тұлғалардың адалсыздығы немесе кез келген адал емес іс-қимылы;

2.1.11 сақтандыру жағдайы басталғанға дейін мүлікті қалпына келтіру және/немесе талаптарды реттеу;

2.1.12 түсіндірілмеген шығын, сондай-ақ инвентаризация жүргізілгеннен кейін анықталған шығын немесе тапшылық;

2.1.13 пайдалану немесе пайдалануды кешіктіру шығыны, скважинаның жоғалуы, Шартты мерзімінен бұрын бұзумен байланысты шығындар, кез келген тергеу сипатындағы кіріс немесе пайданы жоғалту;

2.1.14 Сақтандыру шартында көрсетілмеген немесе мұндай мүлікті пайдалану құқығы жоқ тұлғаның сақтандырылған мүлікті пайдалануы;

2.1.15 бұрғылау ерітіндісі ретінде мұнайды, газды немесе ауаны пайдалану;

2.1.16 Сақтанушының немесе өзге мүдделі тұлғалардың немесе олардың қызметкерлерінің қасақана іс-қимылдары;

2.1.17 Сақтанушының немесе өзге мүдделі тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарын, мемлекеттік қадағалау органдарының нормативтік актілерін, сондай-ақ жұмыс өндіру технологиясын, сақтандырылған мүлікті пайдалану ережелерін, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін, жану қаупі бар және жарылыс қаупі бар заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау ережелерін бұзуы.

2. Мыналардан туындаған шығындар сақтандырумен жабылмайды:

2.1. тоқтап тұру, сақтандырылған мүлікті уақытша пайдалану мүмкіндігінің болмауы және өзге де жанама шығындар;

2.2. ұрлықтан, мүліктің жоғалуынан немесе өзге де инвентарлық шығындардан туындаған тоқтап тұру;

2.3. ішкі ақаулардан, мотор жарылысынан немесе өзге де ұқсас себептерден болған жабдықтың зақымдануы;

2.4. мұндай жабдықтың конструкциясын жобалаудағы немесе дизайнындағы қателіктер.

3. Осы ерікті сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтанушыға немесе үшінші тұлғаларға келтірілген тікелей мүліктік зиян ғана өтелуге жатады. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүргізбейді:

- Сақтанушының немесе үшінші тұлғаның жанама коммерциялық шығындары (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.д.), жіберілген пайда;
- моральдік зиян;
- сот және сараптамалық шығыстар.

4. Сақтандырушы мына жағдайларда сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға міндетті:



- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруының таралуын қаржыландырумен байланысты тізбеде (ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалды деп есептеуге негіздер болған кезде.

3. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру шарты белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтінімі (1-қосымша) негізінде жасалады, ол Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Сақтанушы өтінімде Сақтандырушы қойған сұрақтарға сәйкес дәл және толық мәліметтерді, сондай-ақ қажетті сақтандыру жабынының түрлерін көрсетуге міндетті.

3.2. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының болу ықтималдығын және одан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындауда елеулі маңызы бар, Сақтандырушыға белгілі емес және белгілі болмауы тиіс мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті. Мұндай мәліметтерге мыналар жатады:

- кен орындарындағы жұмыстардың сипаты;
- бұрғылау немесе өзге де сақтандырылған жұмыстарға жасалған шарттар туралы мәліметтер;
- бұрғылау жабдығының немесе кен орындарының үшінші тұлғалардың иелігінде болуы туралы мәліметтер, мұндай иелену уақытша сипатта болса да;
- бұрғылау немесе өзге де сақтандырылған жұмыстар бойынша шарттар тараптарының міндеттемелері, мұндай шарттардың қолданылу мерзімдері туралы мәліметтер.

3.3. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына берілген жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасасуға ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапты болады.

3.4. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Шартта көрсетілген сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА

4.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушының Сақтандыру шартымен айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдауы үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартымен белгіленеді.

4.2. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру жағдайының сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының ставкасын айқындайтын сақтандыру тарифтері бойынша есептеледі.

4.3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен бір мезгілде немесе бөліп (мерзімді сақтандыру жарналары нысанында) төленеді.

4.4. Сақтандыру шартымен тараптардың келісімімен белгіленетін мөлшерде сөзсіз немесе шартты франшиза көзделуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ



- 5.1. Сақтандыру шарты бөліп төлеу кезінде бірінші сақтандыру жарнасы төленген сәттен бастап Сақтандырушының Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады, Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе.
- 5.2. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші болған жағдай бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру сәтінен бастап қолданылуын тоқтатады.
- 5.3. Сақтандыру қорғанысының кезеңі Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
- 5.4. Осы Ережелерге сәйкес Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру территориясы) – Сақтандыру шартында көрсетілген территорияға ғана таратылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сақтанушы мынаған құқылы:

- 6.1.1. сақтандыру жағдайы басталғанда осы Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы немесе жауапкершілік лимиттері шегінде жәбірленушілердің өміріне, денсаулығы мен мүлкіне зиян келтіруден туындаған талаптарды төлету;
- 6.1.2. сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру төлемін алу;
- 6.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шартты мерзімінен бұрын бұзу;
- 6.1.4. полисті жоғалтып алған жағдайда оның Көшірмесін алу;
- 6.1.5. сотта өз құқықтарын қорғау.

6.2. Сақтанушы мынаған міндетті:

- 6.2.1. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайын бағалауда және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауында елеулі маңызы бар, белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлау;
- 6.2.2. өзге сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлау;
- 6.2.3. Сақтандыру шартымен айқындалған мөлшерде және тәртіппен сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
- 6.2.4. Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайын бағалауда елеулі маңызы бар барлық мән-жайлардың өзгерістері туралы Сақтандырушыны дереу хабардар ету;
- 6.2.5. зиян келтіру мүмкіндігін азайту үшін сақтық шараларын қолдану;
- 6.2.6. сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін оқиға басталғанда 8.2-тармақта (сақтандыру жағдайы басталғандағы Сақтанушының іс-қимылдары) көрсетілген барлық қажетті іс-қимылдарды жасау;
- 6.2.7. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығының өтуін қамтамасыз ету.
- 6.2.8. Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауы мен өңдеуіне, дербес деректерді шетелге беруді қоса алғанда, берілуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі болмағанша айқындайды және 10 жылды құрайды.
- 6.2.9. Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базалары мен картотекаларда, үшінші тұлғаларға деректер берілуін қоса алғанда, дербес деректерін таратуға келісімін растайды.
- 6.2.10. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) дербес деректерді шетелге беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді деректер көздерінде таратуға берілген келісімді қоса алғанда, Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне жазбаша келісімді алуға міндетті.



6.2.11. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

6.2.12. Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:

- атауы (тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәліктегі құжатта көрсетілген жағдайда),
- бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі)
- субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәліктегі құжатта көрсетілген жағдайда);
- дербес деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісімнің қолданылу мерзімі немесе кезеңі;
- операторда дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінің бар немесе жоқ екені туралы мәліметтер;
- оларды өңдеу барысында дербес деректерді шетелге берудің бар немесе жоқ екені туралы мәліметтер;
- жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректерді тарату туралы мәліметтер;
- дербес деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректер тізбесі.

6.2.13. Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базалары мен картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, мобильді қосымшаларда, сондай-ақ олардың серіктестерінің Интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларда, әлеуметтік желілерде сақталатын дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауы мен өңдеуіне келісімін растайды.

6.3. Сақтандырушы мынаған құқылы:

6.3.1. ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеру;

6.3.2. зақымдалған мүлікті қарап-тексеруге қатысу;

6.3.3. сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін оқиғаның себептері мен мән-жайларын, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау жіберу арқылы дербес анықтау;

6.3.4. Сақтанушыдан немесе сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын белгілеуге қажетті ақпаратты талап ету;

6.3.5. заңмен белгіленген тәртіппен Сақтанушыға қойылатын талаптардың мөлшерін даулау;

6.3.6. оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымаған немесе өзге де негіздер бойынша Сақтанушыны және/немесе жәбірленушіні жазбаша хабардар ете отырып сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту;

6.3.7. Сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы 3 жұмыс күні ішінде хабарламауы жағдайында сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту;

6.3.8. сақтандыру жағдайы дәрежесінің артуы жағдайында Сақтандыру шарты шарттарын өзгертуді немесе сақтандыру жағдайының артуына сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету;

6.3.9. Сақтандыру шартын жасасу кезінде де, сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін оқиға болғаннан кейін де Сақтанушының сақтандырылған мүлкін қарап-тексеру;

6.3.10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге іс-қимылдар жасау;

6.3.11. Сақтанушыдан клиенттерді тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап ету.

6.4. Сақтандырушы мынаған міндетті:

6.4.1. Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыру;

6.4.2. жәбірленушіге оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану туралы шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға ұсынуға қажетті құжаттар тізбесін хабарлау;

6.4.3. Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдау. Егер сақтандыру жағдайы фактісі бойынша тергеу жүргізілсе, қылмыстық іс қозғалса немесе сот процесі басталса, сақтандыру төлемі туралы шешім тергеу немесе сот ісін жүргізу аяқталғаннан және Сақтандырушыға тиісті құжаттар берілгеннен кейін қабылданады;



6.4.4. оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған жағдайда тараптардың келісімімен айқындалған мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізу;

6.4.5. сақтандыру жағдайы кезінде шығынды азайту мақсатында Сақтанушы жасаған орынды және мақсатқа сай шығыстарды өтеу;

6.4.6. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.

6.4.7. мына жағдайларда сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту:

– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің ЖҚҚТҚ тізбесінде болуы;

– Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;

– ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалды деп есептеуге негіздер болған кезде.

6.4.8. Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілермен, сондай-ақ сақтандыру шартымен Сақтандырушының өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

7. ШАРТ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ САҚАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЫ

7.1. Сақтандыру шарты қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген мән-жайлардағы, сақтандыру жағдайының ұлғаюына елеулі ықпал ете алатын елеулі өзгерістер туралы (оның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей): кен орындарындағы жұмыстардың тоқтатылуы немесе олардың сипатының елеулі өзгеруі; бұрғылау немесе өзге де сақтандырылған жұмыстарға шарттарға қосымшалардың жасалуы және берілуі; бұрғылау жабдығының немесе кен орындарының уақытша сипатта болса да үшінші тұлғаларға берілуі; бұрғылау немесе өзге де сақтандырылған жұмыстар бойынша шарттар тараптарының міндеттемелерінің өзгеруі немесе олардың мерзімдерінің елеулі өзгеруі туралы дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

7.2. Сақтандыру шартында ескертілген өзгерістер елеулі болып есептеледі.

7.3. Сақтандыру жағдайының ұлғаюына әкелетін мән-жайлар туралы хабардар болған Сақтандырушы Сақтандыру шарты шарттарын өзгертуді және сақтандыру жағдайының ұлғаюына сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

7.4. Сақтанушы Сақтандыру шарты шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын доплатауға қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.

7.5. Сақтанушы осы Ережелердің 7.1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда Сақтандырушы Шартты бұзуды және оның бұзылуымен келтірілген шығынды өтеуді талап етуге; немесе сақтандыру жағдайы басталғанда сақтандыру жағдайының ұлғаюына сай сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға не сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға құқылы.

7.6. Сақтандыру жағдайының ұлғаюына әкелетін мән-жайлар жоғалса, Сақтандырушы Шартты бұзуды талап ете алмайды.

8. САҚАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАНДАҒЫ САҚТАНУШЫНЫҢ ІС-ҚИМЫЛДАРЫ

8.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген зиянды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

8.2. Сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушы мынаған міндетті:

1. сақтандырылған скважиналардың бақылауынан шығуын болдырмау және оларды бақылауда ұстау; мүлікті сақтау, зиянды азайту жөнінде барлық мүмкін шараларды қабылдау;



8.2.2. сақтандыру жағдайын уәкілетті мемлекеттік органдармен құжаттаудан шаралар қабылдау;

8.2.3. ол сақтандыру жағдайының басталуы туралы білген сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағат ішінде Сақтандырушыны бұл туралы хабардар ету. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген зиянның түрлері мен мөлшері туралы белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті;

8.2.4. сақтандыру жағдайынан кейін Сақтандырушының өкілі келгенге дейін зақымдалғанын да, зақымдалмағанын да қоса алғандағы барлық қалған мүлікті сақтай отырып, сақтандыру жағдайының суретін өзгертпеу, қауіпсіздік талаптарынан туындаған және келтірілген зиян мөлшерін азайтуға ықпал ететін жағдайларды қоспағанда;

8.2.5. Сақтандырушыға жекелеген заттардың (бөлшектердің) құны көрсетілген зақымдалған, бүлінген немесе жоғалған сақтандыру объектісінің тізімдемесін; сақтандыру жағдайының басталуына, оның себептеріне, зиян мөлшеріне қатысты барлық құжаттарды (мемлекеттік және ведомстволық комиссиялардың, ПМ, ТЖ органдарының қорытындылары, зиян сомасының негіздемесі және т.б.) ұсыну;

8.2.6. Сақтандырушыға зақымдалған мүлікті қарап-тексеруді немесе зерттеуді жүргізуге, зиянның себептері мен мөлшерін тергеуге, зиянды азайту және сақтандырылған мүлікті сақтау іс-шараларына қатысуға мүмкіндік беру;

8.2.7. Сақтандырушының талабы бойынша мүліктің зақымдалуы немесе жойылуының мөлшері мен себептерін бағалауға қажетті барлық ақпаратты жазбаша нысанда беру;

8.2.8. Сақтандырушыға суброгация тәртібімен кінәлі тұлғаға талап қоюға қажетті барлық қолжетімді құжаттарды беру. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға құқылы.

8.3. Сақтандырушыны белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламау оған сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға құқық береді.

8.4. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы іс-қимылдар жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысты кез келген міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, кез келген ұсыныстарды қабылдамауға, төлемдер жасамауға және кез келген төлемдер жасауды уәде бермеуге міндетті, осы Ережелердің 8.2-тармағында тізілген шараларды қамтамасыз ету іс-қимылдарын қоспағанда.

8.5. Сақтанушы Сақтандырушыға (соңғысының талабы бойынша) дауды сотқа дейін және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтанушының өкілеттіктерін беруге міндетті.

9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗИЯННЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

9.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап Сақтанушымен, Сақтандырылған тұлғалармен немесе жәбірленушілермен тиісті талапты негіздейтін құжаттар тіркеле отырып жазбаша нысанда беріледі.

9.2. Сақтандырудың барлық бөлімдері үшін сақтандыру жағдайының басталуын және зиянның мөлшерін растайтын құжаттар болып мыналар табылуы мүмкін:

- сақтандыру жағдайының болу фактісі туралы акт (өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт (Н-1 нысаны) немесе жұмысқа бара жатқанда немесе жұмыстан қайтып келе жатқанда болған жазатайым оқиғаны тергеу туралы акт (Н-2 нысаны));
- сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеуді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ведомстволардың арнайы уәкілетті комиссиясы жинаған, оқиға туралы жиынтық есепті қоса алғандағы құжаттар;
- келтірілген зиянның экологиялық бағалауы жүргізілгені туралы құжаттар;



- еңбекті қорғау жай-күйіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын, еңбек туралы заңнаманың сақталуын бақылайтын еңбек қауіпсіздігі инспекторының немесе басқа да лауазымды тұлғалардың (органдардың) денсаулыққа зиян келтіру себептері туралы қорытындысы;
- кәсіптік ауру туралы медициналық қорытынды, медициналық мекеменің бірінші медициналық жәрдем берілгені туралы анықтамасы, еңбекке уақытша қабілетсіздік парағы, аурудың тарихы (медициналық картасы) көшірмесі, медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия (МӘСЕК) қорытындысы, қызметкерлердің қайтыс болуы жағдайында – АЗХАТ органдарының қайтыс болу туралы анықтама көшірмесі; сарапшының (сарапшылардың) сақтандырылған мүлікті (оның қалдықтарын) қарап-тексеру актілері;
- сараптама актілері (сарапшылардың, мамандардың (бағалаушылардың) қорытындылары);
- сақтандыру кезеңінде де, алдыңғы үш жылда да Сақтанушының өндірістік және коммерциялық қызметіне қатысты бухгалтерлік кітаптар мен олардан үзінділер, инвентарлық тізімдемелер, баланстық есептер, статистикалық есептілік, шот-фактуралар мен квитанциялар, сондай-ақ өзге де құжаттар негізінде жасалған Сақтанушының шығындары мен шығыстарының есебі, аталған бухгалтерлік құжаттар тіркеле отырып;
- Сақтанушыға үшінші тұлғалардың немесе олардың құқық мирасқорларының жазбаша талаптары, Сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттар тіркеле отырып;
- Сақтанушыдан үшінші тұлғаларға немесе қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиян сомасын өндіріп алу туралы сот органдарының шешімі (немесе оның көшірмесі) (Сақтандырушы талап еткен жағдайда);
- Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде бұл туралы хабардар етеді.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

10.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталуы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мына іс-қимылдарды жүзеге асырады:

10.1.1. сақтандыру жағдайы белгілерін иеленетін оқиғаның болу фактісін белгілеу; Сақтанушы өтінімінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексеру; зиян келтіруге себеп болған оқиғаның болу фактісі мен себептерін айқындау; сарапшыларды, апаттық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындау, өзге де іс-қимылдар жасау;

10.1.2. оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау, сақтандыру жағдайы туралы акт жасау.

10.2. Сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандырушы тағайындаған апаттық комиссардың (сюрвейердің) қорытындысы негізінде немесе тараптардың келісімімен Сақтанушы ұсынған құжаттар негізінде айқындалады.

10.3. Сақтандыру төлемі Сақтандырушымен Сақтанушының төлем туралы жазбаша өтінімі, Сақтанушы ұсынған құжаттар және сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізіледі. Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Сақтанушының болашақ сақтандыру төлемдері есебіне жүргізген төлемдері ескерілмейді.

10.4. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.

10.5. Сақтандыру төлемі мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1. мүліктің толық жоғалуы кезінде – қолжетімді қалдықтардың құны шегерілген оның нақты құны мөлшерінде;



2. мүліктің ішінара зақымдануы кезінде – қалпына келтіру шығыстары мөлшерінде.

10.6. Зақымдалған немесе жоғалған мүліктің сақтандыру жағдайы басталған сәттегі нақты құнынан қалпына келтіру шығыстары асып кетсе, толық жоғалу орын алды деп есептеледі.

10.7. Тексеру кезінде Шарт жасасу кезінде Сақтанушының мүлік құнын өтінімде нақты сомадан төмен белгілегені анықталса, сақтандыру төлемінің сомасы пропорционалды азайтылады.

10.8. Қалпына келтіру шығыстары мыналарды қамтиды:

10.8.1. жөндеуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығыстар;

10.8.2. жөндеуге ақы төлеу шығыстары;

10.8.3. материалдарды жөндеу орнына жеткізуге және сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайы басталған сәтте болған жай-күйге дейін қалпына келтіруге жұмсалатын шығыстар.

10.9. Қалпына келтіру шығыстары мыналарды қамтымайды:

10.9.1. сақтандырылған мүлікті өзгертуден немесе жақсартудан туындаған қосымша шығыстар;

10.9.2. уақытша немесе қосалқы жөндеуден немесе қалпына келтіруден туындаған шығыстар;

10.9.3. қажетті шектен асатын өзге де шығыстар.

Жөндеу барысында ауыстырылатын бөлшектердің, торабтардың, агрегаттардың және бөлшектердің құны сомасынан тозу шегерімдері жасалады.

10.10. Сақтандыру жағдайы басталғанда бақылауынан шыққан скважиналарды бақылауға алумен немесе олардағы өртті сөндірумен байланысты шығыстар да, скважина бақылауынан шыққан немесе өрт шыққан сәттен бастап скважина бақылауға алынғанға немесе өрт сөндірілгенге дейін, сондай-ақ мұнай-, газ-, құбырларындағы өртті сөндіру мен оны қалпына келтіруге жұмсалатын шығыстар да төленуге жатады.

Мұндай шығыстар мыналарды қамтиды:

- материалдардың құны;
- Сақтанушыда болуы тиіс емес арнайы жабдықты жалға алу немесе жалдау шығыстары;
- скважиналарды бақылауға алу немесе скважинадағы өртті сөндіру мамандарының қызметтері мен жұмыстарына ақы төлеу шығыстары;
- скважинаны бақылауға алу үшін қажетті бұрғылау және өзге де жұмыстарды орындауға жұмсалатын шығыстар;
- скважинаны бақылауға алу немесе өртті сөндіру үшін қажетті мөлшерде болған өзге де орынды шығыстар, бірақ жауапкершіліктің көзделген көлемінен (сақтандыру сомасынан) аспайтын мөлшерде;
- скважина ішіндегі жабдықты алуға жұмсалатын шығыстар;
- қайта бұрғылау операцияларына жұмсалатын шығыстар.

10.11. Барлық жағдайда қайта бұрғылау бойынша тек нақты шығыстар ғана өтелуге жатады. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 540 күн ішінде немесе Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру мерзімі аяқталғанша (бұл ретте кейінгі күн ескеріледі) қайта бұрғылауды бастамаса, Сақтандырушы осы Сақтандыру шарты шарттарына сәйкес мұндай шығыстар өтелуге жататын болса да, қайта бұрғылауға жұмсалатын шығыстарға қатысты сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетінен босатылады.

10.12. Сақтанушының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындауымен байланысты шығыстар мыналар үшін төленеді:

- үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіргені үшін;
- сақтандыру жағдайының басталуынан туындаған, оның ішінде қоршаған ортаны (теңізді де қоса алғанда) ластану жағдайында ластаушы заттарды жинауға немесе жоюға жұмсалатын шығыстарды, теңіздегі мұнай дақын ұстап тұруды, қоршаған ортаның одан әрі ластануын болдырмауды, адамдарды, жануарларды және жылжымалы мүлікті (Сақтанушыда



жұмысты орындаушы тұлғаларды қоспағанда) эвакуациялауды қамтитын, қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарларын жою іс-шараларына жұмсалатын шығыстар, егер мұндай эвакуация құзыретті мемлекеттік органдардың өкімімен жүзеге асырылса.

10.13. Бірнеше жеке немесе заңды тұлғаға Шартпен шартталған сақтандыру жауапкершілігі көлемінен асатын сома мөлшерінде зиян келтірілген жағдайда, осы тұлғалардың әрқайсысына сақтандыру төлемі (олардың талаптары бір мезгілде қойылған жағдайда) Шартпен белгіленген шекті сома мөлшерінде осы тұлғалардың әрқайсысына келтірілген зиян көлеміне пропорционалды түрде жүргізіледі.

10.14. Сақтанушы шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстар Сақтандырушымен өтелуге жатады, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалса, тіпті тиісті шаралар нәтиже бермесе де.

10.15. Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстарды өтеудің жалпы сомасы Сақтандыру шартымен көзделген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

10.16. Сақтандырушы Сақтанушы ықтимал зиянды азайту үшін қолжетімді ақылға қонымды шаралар қабылдамаған жағдайда пайда болған зиян бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

10.17. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде немесе тараптар келісімімен айқындалған мерзімде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

10.18. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілік көтереді.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ ОДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

11.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдауға қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін отыз күндік мерзімде немесе тараптар келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, бас тарту себебін дәлелді негіздейді.

11.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуы Сақтанушы тарапынан сотта шағымдануы мүмкін.

11.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуының негізі мыналар болуы мүмкін:

11.3.1. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы заведомо жалған мәліметтер хабарлауы;

11.3.2. Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған зиянды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;

11.3.3. Сақтанушының зиянды тартуға кінәлі тұлғадан тиісті шығынды өтемді алуы;

11.3.4. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуде және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуде кедергі жасауы;

11.3.5. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға Сақтанушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;

11.3.6. Сақтанушының осы Шарттың 8.2-тармағында тізілген сақтандыру жағдайы басталғанда қажетті іс-қимылдарды орындамауы.



11.3.7. Сақтандыру шартымен Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін.

12. СУБРОГАЦИЯ

12.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде өтелген зиянға жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығы өтеді.

12.2. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдерді беруге және зиянға жауапты тұлғаға Сақтандырушыда туындаған талап ету құқығын жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

12.3. Сақтанушы Сақтандырушы өтеген зиянға жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кінәсі бойынша бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе тиісті бөлігінде босатылады және артық төленген сомаларды қайтаруды талап етуге құқылы.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші болған жағдай бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру сәтінен бастап қолданылуын тоқтатады.

13.2. Тараптар Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының болжамды тоқтатылу күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын бір-бірін хабардар етуге міндетті.

13.3. Шартты бұзу себептері Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 842-бабы 1-тармағымен белгіленген мән-жайлар болса, Сақтандырушы Сақтанушыға Шарттың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақыларын қайтарады. Өзге жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

13.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсімен оның шарттарын орындамаудан туындаған жағдайларда, Сақтандырушы Сақтанушыға оның төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық мөлшерде қайтаруға міндетті.

14. ҚОСЫМША ШАРТТАР

14.1. Сақтандыру ережелерінің шарттарына өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, өзгерістер Сақтандырушының уәкілетті органымен келісілуі тиіс.

14.2. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бере алмайды.

14.3. Сақтанушының сақтандыру полисін жасасу жолымен осы Сақтандыру ережелеріне қосылуымен Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауы мен өңдеуіне, қайта сақтандыру шартын жасасу кезіндегі дербес деректерді беруді қоса алғанда, келісімін растайды.

14.4. Сақтандыру полисін жасасумен Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруді қоса алғанда, келісімін растайды.

14.5. Сақтандыру полисін жасасумен Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан сақтандыру шартын жасасуға, сондай-ақ дербес деректерді шетелге беруге берілген келісімді қоса алғанда, Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның дербес деректерін өңдеуіне, Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға жазбаша келісімді алғанын растайды.



6. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) Шартты жасасуға келісімін алғанын растайды. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаны (тұлғаларды) ауыстыруға құқылы, бұл ретте Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) ауыстыруға келісімі талап етілмейді.

14.7. Шартпен тікелей немесе жанама түрде мынадай оқиғалар кезінде туындаған жауапкершілік сақтандырылмайды:

1) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бейбітшілікті сақтау акцияларында, кез келген қарама-қарсылықтарда, толқуларда, жаппай бүліктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті жұлып алуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген осыған ұқсас іс-қимылдарда пайдаланылуға арналған немесе қолданылған кез келген зымырандар, снарядтар, миналар, торпедалар, бомбалар, жаппай қырып-жою қарулары және өзге де орудиялар/құралдар, машиналар, кемелер/өзге де жүзу құралдары, техника, дрондар, роботтар, техникалық құралдар, жабдықтардың кез келген ықпалы;

2) соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бейбітшілікті сақтау акцияларында, кез келген қарама-қарсылықтарда, толқуларда, жаппай бүліктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті жұлып алуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген осыған ұқсас іс-қимылдарда немесе ондай іс-қимылдардан кейін қолданылуға арналған немесе қалып қойған не зарарсыздандырылмаған жүзеге асырылмаған ұқсас әрекет құралдарының кез келген ықпалы.

14.8. Шартпен мына жағдайларда туындаған жауапкершілік сақтандырылмайды:

1) соғыс жарияланса да, жарияланбаса да, әскери іс-қимылдар;

2) мемлекеттік органдармен, әскери қызметшілермен, әскери міндеттілермен, жалдамалы әскерлермен, бейбіт сақтаушылармен жүзеге асырылатын кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, іс-қимылдар;

3) жаппай бүліктер, революциялар, қарама-қарсылықтар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локаутсек, ереуілдер, митингілер;

4) терроризмге қарсы операциялар;

5) бейбітшілікті сақтау операциялары;

6) төтенше жағдай;

7) комендант сағаты;

8) әскери жағдай;

9) қозғалуды шектеу режимдері;

10) жаппай тонау, қарақшылық, ұрлық, хулиганизмнің болуы;

14.9. Шартпен мынадан туындаған шығын немесе жоғалту сақтандырылмайды:

1) кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығымен (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, ұлттандыруы, тартып алуы, ұстауы, тұтқындауы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалануы;

2) кез келген өзге де шарттарға қарамастан, Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға кез келген қамту, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы кез келген қолданыстағы заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылатындықтан, сақтандыру шарты оқиғаларға таратылмайды.

14.10 Тараптар ОҒАС, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға нұқсан келтіретін іс-қимылдарға қатысты шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, кеңесшілеріне, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Шартты жай жазбаша хабарлама жіберу жолымен бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екендігімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтандыру шартында көрсетілген



мекенжайға электрондық пошта немесе пошта арқылы Сақтанушыға хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылды деп есептеледі.

11. Тараптар Шарттың осы Ережелердің 14.10-тармағына сәйкес тоқтатылуынан кейін Сақтандырушы агенттік сыйақы шегерілген қолданылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін сақтандыру қорғанысының қолданылмаған кезеңіне пропорционалды түрде Шарттың тоқтатылу күнінен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

12. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкциялары және/немесе шектеулер Сақтанушыға қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін туындаған оқиғаларды қоса алғанда, осы Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі.

13. Тараптар Шарттың бір жақты тәртіппен бұзылуы кезінде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі жүргізілмеген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінімен және кез келген зияндарды өтемейтінімен келіседі.

15. ДАУЛАР ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар тараптармен тікелей келіссөздер жолымен қаралады.

15.2. Тараптармен реттелмеген даулар Алматы қаласының соттарына қарауына беріледі: егер Шарт тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен қаралады, ал егер Шарт тарапы жеке тұлға болса, дау Алматы қаласының Алмалинский аудандық сотымен қаралады.

II. САҚТАНДЫРУ ЖАБЫНЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

A) МҮЛІКТІ САҚТАНДЫРУ

1. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

1.1. Осы Ережелер бөлімі бойынша сақтандыру объектісі сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде мұнай операцияларын жүргізу кезінде туындайтын және Сақтанушының мынадай мүлкіне иелену, пайдалану, билік ету құқықтарымен байланысты Сақтанушының мүлдіктік мүдделері болып табылады:

- ғимараттар мен имараттар, беру құрылғылары;
- құбырлар (мұнай және газ);
- бұрғылау платформаларының корпустары мен механизмдері;
- геологиялық барлау және іздестіру жұмыстарында қолданылатын арнайы құрылғылар мен жабдықтар;
- қосалқы бөлшектер, агрегаттар, сондай-ақ мұнай мен газ скважиналарын пайдалану және қызмет көрсетуге арналған өзге де материалдар;
- резервуарлардағы бұрғылау ерітінділері немесе пласттық флюидтер;
- арнайы қоймаларда сақталатын және мұнай-, газ құбырларымен тасымалданатын дайын өнімдер;
- аяқталмаған өндіріс және күрделі құрылыс объектілері;
- өзге де мұнай мүлкі мен жабдықтары.

1.2. Осы бөлім бойынша сақтандыру мыналарға қолданылмайды:

- топырақты, дренаждық объектілерді, қорғаныш жабындарын және су өткізгіштерді қоса алғандағы жер;
- жолдар, тротуарлар, өткелдер, ұшу-қону жолақтары, темір жол, каналдар, дамбалар, пирстер, кемежайлар, көпірлер, доктар және туннельдер;



- бұрғылау жабдығының бөлшектері ретінде арнайы ескертілмесе, жер үсті, әуе, теңіз көлік құралдары;
- тасымалдау барысындағы тауарлар немесе мүлік;
- кесілмеген орман, көп жылдық екпелер және тамырында тұрған егін;
- жануарлар, құстар, балықтар және өзге де тірі жандар;
- қолма-қол ақша, қымбат бағалы металдар слиткалары, монеталар, чектер, маркалар, қымбат бағалы тастар, өнер туындылары, антиквариат, бағалы қағаздар, облигациялар, кез келген нысандағы құжаттама, компьютерлік деректер банктері, қолжазбалар, жоспарлар, сызбалар, жобалар, үлгілер мен модельдер.

•

2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

2.1. Осы Ережелер бөліміне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша жер бетінде және/немесе теңізде пайдаланылатын, осы Ережелердің 1.1-тармағында тізілген мүліктің мынадай оқиғалар нәтижесінде жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы жағдайы сақтандырылады:

2.1.1. өрт, жарылыс, ураган, дауыл, су тасқыны, жаңбыр, бұршақ, найзағай соғу, батып кету;

2.1.2. мұнайдың, газдың күтпеген шығарылуы;

2.1.3. скважинаның бақылауынан шығуы.

2.2. жер асты пайдаланылатын бұрғылау аспаптары мен өзге де жабдықтардың мынадай оқиғалар нәтижесінде жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы:

2.2.1. өрт немесе жарылыс;

2.2.2. мұнайдың немесе газдың күтпеген шығарылуы;

2.2.3. кратерлердің, грифондардың, шұңқырлардың кенеттен пайда болуы.

2.3. Тараптардың келісімімен, Сақтандыру шартында арнайы ескертіле отырып, мүліктің мынадай жағдайлар нәтижесінде жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы жағдайы сақтандырылуы мүмкін:

2.3.1. жер сілкінісі немесе жанартау атқылауы;

2.3.2. жер асты суларының ену;

2.3.3. жылыту жүйесінің, су құбыры және кәріз желілерінің авариясы;

2.3.4. ұшқышы бар ұшу аппараттарының немесе олардың сынықтары мен олардан заттардың құлауы;

2.3.5. электр энергиясы берудің тоқтатылуы.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімімен айқындалады.

3.2. Сақтанушының мүлкі мына мөлшерлерде сақтандырылуы мүмкін:

3.2.1. ғимараттар, имараттар, беру құрылғылары, мұнай-, газ құбырлары, машиналар, жабдықтар және өзге де негізгі қаражат – Шарт жасасу кезіндегі нақты құн мөлшерінде;

3.2.2. меншікті өндірістегі де, кәсіпорын сатып алған тауарлы-материалдық құндылықтар да, жартылай фабрикаттар – тозу шегерілген нақты құн мөлшерінде;

3.2.3. аяқталмаған құрылыс стадиясындағы объектілер – Шарт жасасу сәтіне дейін нақты жұмсалған материалдық және еңбек шығыстары мөлшерінде;

3.2.4. лизинг шарты бойынша алынған өзге де мүлік – оған тиесілі жалға берушінің бухгалтерлік есеп деректері бойынша баланстық құны негізінде.

В) СКВАЖИНАНЫ БАҚЫЛАУҒА АЛУМЕН ЖӘНЕ БАҚЫЛАУЫНАН ШЫҚҚАН ЖАҒДАЙДА ҚАЙТА БҰРҒЫЛАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ КҮТПЕГЕН ШЫҒЫСТАРДЫ САҚТАНДЫРУ

1. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ



1.1. Осы Ережелер бөлімі бойынша сақтандыру объектісі сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде мұнай операцияларын жүргізу кезінде туындайтын және скважинаның бақылауынан шығуы нәтижесінде сақтандырылған скважиналарды бақылауға алу, қайта бұрғылау және қалпына келтіру, немесе олардың кез келген учаскесін қалпына келтіру, қоқыстарды жою, бүлінген (зақымдалған) мүлікті бұзу, сөгу, нығайтумен байланысты сақтандыру жағдайымен байланысты Сақтанушы жасаған күтпеген шығыстармен байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері болып табылады.

1.2. Осы Ережелер бөлімі бойынша тек Сақтанушының өзінің шығыстары мен шығындары жағдайы және тек оның пайдасына сақтандырылуы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

2.1. Осы Ережелер бөліміне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша мынадай сақтандыру жағдайлары жабылады:

1) Мұрж трубаларын монтаждау ережелерінің бұзылуы.

2) Скважинаға сумен қамтамасыз ету деңгейі талаптарына сай келмейтін сорғының пайдаланылуы.

3) Скважина үшін пайдаланылатын судың сапасын қамтамасыз етпеген су сүзгілерінің істен шығуы.

а) Мынадай шығыстар мен шығындарға алып келген табиғи апаттардың іс-қимылы:

i. бақылауынан шыққан сақтандырылған скважинаны бақылауға алумен немесе алу әрекеттерімен байланысты шығыстар мен шығындар, бірақ тек скважина қайта бақылауға алынғанға дейін жасалған шығыстар мен шығындар;

ii. жер немесе теңіз түбі бетінде жанып жатқан сақтандырылған скважинадағы, сақтандырылған скважинаның бақылауынан шығуынан туындаған өзге де скважиналардағы өртті сөндіру немесе сөндіру әрекеттерімен байланысты шығыстар;

iii. сақтандырылған скважинаның бақылауынан шығуы немесе тұтануы қаупін тудыратын өзге де өртті сөндіруге жұмсалатын шығыстар;

iv. скважинаның бақылауынан шығуынан немесе бұрғылау, жөндеу жабдығының немесе бұрғылау платформаларының жер немесе теңіз түбі үстіндегі жарылыстан, найзағайдан, жер, су немесе әуе көлік құралдарымен соқтығысудан, дауылдан немесе урағаннан, су тасқынынан, бұрғылау скважинасының, дерриктің немесе кранның құлауынан, бұрғылау қондырғыларының, деррикттердің немесе мачталардың скважинаға батуы немесе тартылуынан, жер сілкінісінен, жанартау іс-қимылынан, зәкірлермен, зәкір тізбектерімен, буйлармен немесе балық аулау снастымен соқтығысудан болған зақымдануынан туындаған жағдайда сақтандырылған скважиналарды немесе олардың кез келген учаскесін қайта бұрғылауға немесе қалпына келтіруге жұмсалатын шығыстар.

б) Скважина тек геологиялық себептерден скважинаның ернеуінен жер, теңіз түбі немесе өзге де су қоймаларының түбі бетіне шығатын бұрғылау ерітіндісінің, мұнайдың, газдың немесе судың ағыны кенеттен және күтпей пайда болған жағдайда ғана бақылауынан шыққан деп есептеледі, және мұны жеткілікті жылдамдықпен:

- кен орнындағы превенторларды немесе атқылауды болдырмауға арналған өзге де жабдықты пайдалану арқылы тоқтату мүмкін емес;

- бұрғылау ерітіндісінің параметрлерін өзгерту немесе тампондаушы құралдарды қолдану арқылы тоқтату мүмкін емес;

- кен орны мен айналадағылар үшін қауіп-қатерсіз тиісті пайдалы қазбаларды өндіру үшін пайдалану мүмкін емес.

а) Скважина мемлекеттік тау-кен техникалық қадағалауы органдарының немесе өзге де уәкілетті органдардың тиісті хабарландыруынан бастап бақылауға алынған деп есептеледі.

Бұл ретте:



- бақылауынан шыққан ағын тоқтатылды, тоқтатылған не сәтті тоқтатылуы мүмкін, немесе
- бақылаудан жоғалтудың нәтижесінде тоқтатылған бұрғылау скважиналарындағы бұрғылау, тереңдету, қызмет көрсету, өңдеу, аяқтау, жөндеу немесе осыған ұқсас операциялар жаңартылды немесе жаңартылуы мүмкін, немесе
- бұрғылау скважиналары скважинаны бақылаудан жоғалтқанға дейін болған кез келген ұқсас жай-күйге қайтарылуы, жабылуы немесе қайтарылуы мүмкін, немесе
- бақылауынан шыққан ағын өндіріс процесіне қауіпсіз бағытталды немесе бағытталуы мүмкін.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімімен айқындалады.

3.2. Осы Ережелер бөлімі бойынша сақтандыру кезінде Сақтандыру шартымен белгіленуі мүмкін:

3.2.1. жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, бұл жағдайда Сақтандыру шарты қолданылуының бүкіл кезеңінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспайды;

3.2.2. әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі.

С) ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЛАСТАУМЕН, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯННЫҢ САЛДАРЫН ЖОЮҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫСТАРМЕН, ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ САҚТАНДЫРУ

1. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Осы ерікті сақтандыру Ережелерінің бөлімі бойынша сақтандыру объектісі сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде мұнай операцияларын жүргізу кезінде туындайтын Сақтанушының мүлдіктік мүдделері болып табылады, олар мынадан туындайды:

1.1. оның Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты:

1.1.1. қоршаған ортаға;

1.1.2. үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне (үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік).

1.1.2. қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде мынадай қосымша күтпеген шығыстармен байланысты:

1.1. қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарларын жою;

1.2. қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде қоршаған ортаны (теңізді де қоса алғанда) ластану жағдайында тазарту және оқшаулау;

1.3. қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде авариялық жағдайларды және олардың салдарларын жою (теңізде де) үшін мамандандырылған компанияларды тарту.

3. Осы Ережелер бөліміне қатысты қолайсыз мән-жайлар деп аварияны, өртті, жарылысты, мұнайдың, газдың күтпеген шығарылуын немесе скважинаның бақылауынан шығуын түсіну керек. Сақтандыру шартымен бұл тізбе кеңейтілуі немесе қысқартылуы мүмкін.

4. Осы бөлім бойынша тек Сақтанушының өзінің жауапкершілігі жағдайы және тек үшінші тұлғалардың (Пайда алушылардың) пайдасына сақтандырылуы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

2.1. Осы Ережелер бөліміне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша мынадай жағдайлар сақтандырылады:



2.1.1. мұнай операцияларын жүргізу кезінде Сақтанушының қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде қоршаған ортаға, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіргені үшін жауапкершілігінің туындауы.

2.1. мынадай жағдайлармен байланысты қосымша күтпеген шығыстардың туындауы:

2.2.1. қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарларын жою;

2.2.2. қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде қоршаған ортаны (теңізді де қоса алғанда) ластану жағдайында тазарту және оқшаулау;

2.3. қолайсыз мән-жайлардың туындауы нәтижесінде авариялық жағдайларды және олардың салдарларын жою (теңізде де) үшін мамандандырылған компанияларды тарту.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімімен айқындалады.

3.2. Осы Ережелер бөлімі бойынша сақтандыру кезінде Сақтандыру шартымен белгіленуі мүмкін:

3.2.1. жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, бұл жағдайда Сақтандыру шарты қолданылуының бүкіл кезеңінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспайды;

3.2.2. әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;

3.2.3. сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша бір немесе бірнеше тұлғаға келтірілген өміріне, денсаулығына зиян үшін шекті жауапкершілік көлемі;

3.2.4. сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша бір немесе бірнеше тұлғаның мүлкіне келтірілген зиян үшін шекті жауапкершілік көлемі.

D. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕК МІНДЕТТЕРІН АТҚАРУЫ КЕЗІНДЕГІ ӨНДІРИСТЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР МЕН КӘСІПТІК АУРУЛАР НӘТИЖЕСІНДЕ ОЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӨМІРІНЕ ЗИЯН КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ

1. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

1.1 Осы ерікті сақтандыру Ережелерінің бөлімі бойынша сақтандыру объектісі сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде мұнай операцияларын жүргізу кезінде туындайтын және оның Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жұмысшының еңбек міндеттерін атқаруы кезінде жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру нәтижесінде оның өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері болып табылады.

2. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

2.1. Осы ерікті сақтандыру Ережелерінің бөліміне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы мұнай операцияларын жүргізу кезінде жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезінде жұмысшының өміріне не денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындауы болып табылады, бұл мынаған алып келуі мүмкін:

2.1.1. уақытша еңбекке қабілетсіздікке және/немесе

2.1.2. еңбекке толық немесе ішінара қабілетсіздікке (мүгедектікке) және/немесе

2.1.3. жұмысшының қайтыс болуына.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімімен айқындалады.



3.2. Осы Ережелер бөлімі бойынша сақтандыру кезінде Сақтандыру шартымен белгіленуі мүмкін:

3.2.1. жиынтық шекті жауапкершілік көлемі, бұл жағдайда Сақтандыру шарты қолданылуының бүкіл кезеңінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспайды;

3.2.2. әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шекті жауапкершілік көлемі;

3.2.3. сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша бір немесе бірнеше тұлғаға келтірілген өміріне және/немесе денсаулығына зиян үшін шекті жауапкершілік көлемі.

16. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ШЫҒАРЫП АЛУЛАР

16.1. Осы бөлім бойынша сақтандыру кезінде мынадан (нәтижесінде) туындаған зиян келтіру сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

16.1.1. Сақтанушының жұмысшыларының өміріне және денсаулығына жоғарылатылған қауіп байланысты іс-шаралармен байланысты спорттық жарыстарға (жаттығуларға), басқа да іс-шараларға қатысу (Сақтандыру шартында арнайы ескертілмесе);

16.1.2. жыныстық жолмен берілетін аурулармен байланысты денсаулыққа зиян келтіру;

16.1.3. әскери және құқық қорғау органдарында қызмет немесе тиісті оқудан өту барысында алынған денсаулыққа зиян;

16.1.4. диабетпен, алкогольдік психозбен немесе эпилепсиямен байланысты не олардан болған денсаулыққа зиян;

16.1.5. асбесттің жұмысшы ағзасына әсері.